

Әрінова Б.А.,  
Мурзагулова М.Д.

**Академик Т. Тәжібаевтың  
этнопедагогикалық  
ой-пікірлерінің «Мәңгілік Ел»  
идеясымен сабақтастығы**

Мақалада академик Т. Тәжібаевтың Қазақстандағы педагогика және психология ғылымдарының қалыптасу және даму тарихындағы үлесі туралы баяндалады. Авторлар ғалымның Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтардың философиялық, психологиялық және педагогикалық көзқарастарын жан-жақты зерттеген ғылыми еңбектерінің отандық ғылымдағы маңызды зерттеулер қатарынан саналатыны туралы пайымдайды. Сонымен қатар мақалада ғалымның этнопедагогикалық ой-пікірлерінің тәлім-тәрбиелік мәніне, ұлттық мұра ретіндегі орнына, этникалық аспектісіне ерекше назар аударылады.

Академик Т. Тәжібаевтың ғылыми мұрасын зерттеген танымал ғалымдардың теориялық тұрғыдан жасаған талдаулары туралы мәлімет беріледі. Ғалымның еңбектеріндегі этнопедагогикалық ой-пікірлерді «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясымен сабақтастықта қарастырған авторлар Төлеген Тәжібаевтың педагогикалық-психологиялық мұрасын «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыруда пайдалану қажеттігін айта отырып, ғалымның еңбектерінің ұрпақ тәрбиесіндегі маңызына тоқталады.

**Түйін сөздер:** этнопедагогикалық ой-пікірлер, ұлттық мұра, тәрбие, нақыл сөздер, этномәдени құндылықтар, сабақтастық.

Arinova B.A.,  
Murzagulova M.D.

**The Continuity of Ethnic  
Pedagogical Heritage  
T. Tazhibaev with the Ideas of  
«Mangilik El»**

The article discusses the role and contribution of academician T. Tazhibaev in the formation and development of pedagogy and psychology in Kazakhstan. The authors believe that the scientific works of the scientist, which reviewed and considered the philosophical, psychological and pedagogical views of Abay, Ibyray Altynsarin, Shokan Ualikhanov are a vivid legacy in domestic science. The article focuses on the educational importance, the importance of national heritage and ethnic aspects of ethnic pedagogical thoughts of the scientist. Systematic data about authors who have researched the scientific heritage of academician T. Tazhibaev. Pedagogical ideas of the scientist, the authors consider in continuity with the ideas of "Mangilik El". The authors reveal the importance of the scientist in upbringing the younger generation and suggest the use of pedagogical and psychological legacy of T. Tazhibaevs in the embodiment of the idea "Mangilik El".

**Key words:** ethnic pedagogical thoughts, national heritage, upbringing, winged words, ethno-cultural values, continuity.

Аринова Б.А.,  
Мурзагулова М.Д.

**Преемственность  
этнопедагогического  
наследия Т. Тажибаева  
с идеями «Мәңгілік Ел»**

В статье рассматривается роль и вклад академика Т. Тажибаева в становление и развитие педагогики и психологии в Казахстане. Авторы считают, что научные труды ученого, в которых проанализированы и рассмотрены философские, психологические и педагогические взгляды Абая Кунанбаева, Ыбырая Алтынсарина, Шокана Уалиханова, являются ярким наследием в отечественной науке. В статье акцентировано внимание на воспитательную значимость, на значимость национального наследия народа и этнические аспекты этнопедагогических мыслей ученого. Систематизированы данные об авторах, которые исследовали научное наследие академика Т. Тажибаева. Педагогические мысли ученого авторы рассматривают преемственно с идеями «Мәңгілік Ел». Авторы раскрывают значимость трудов ученого в воспитании подрастающего поколения и предлагают использовать педагогическое и психологическое наследие Т. Тажибаева в воплощении идеи «Мәңгілік Ел».

**Ключевые слова:** этнопедагогические мысли, национальное наследие, воспитание, крылатые слова, этнокультурные ценности, преемственность.

**АКАДЕМИК  
Т. ТӘЖІБАЕВТЫҢ  
ЭТНОПЕДАГО-  
ГИКАЛЫҚ  
ОЙ-ПІКІРЛЕРІНІҢ  
«МӘҢГІЛІК ЕЛ»  
ИДЕЯСЫМЕН  
САБАҚТАСТЫҒЫ**

**Кіріспе**

Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірлердің, оқу-ағарту ісінің даму тарихының ғылыми тұрғыда тұжырымдалуы және қазақ этнопедагогикасы мен этнопсихологиясының ғылым ретінде қалыптасуында көрнекті ғалым, қоғам қайраткері, академик Т. Тәжібаевтың есімі ерекше аталады. Т. Тәжібаевтың ғылыми еңбектері негізінен психология және педагогиканың тарихын зерттеуге арналса, бұл еңбектердің этникалық аспектісі қазақ халқының ұлттық ерекшеліктермен өрімделеді.

**Негізгі бөлім**

Қазақ халқының дүниетанымындағы ұлттық құндылықтарды этностық ерекшеліктерімізге сай таратып айтар болсақ, олардың бәрі ата-баба дәстүрін жалғастырушы көпір ретінде көрініс тауып келген. Олай болса, Т. Тәжібаевтың этнопедагогикалық ой-пікірлерінің де халқымыздың тұрмыс-тіршілік кәсібіне, наным-сеніміне, өмірге деген көзқарасына байланысты туып, қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, өзгеріп, жаңарып отыратын салт-дәстүрлермен өзектес болғандығын аңғарамыз. Ғалымның қазақ балаларының ұлттық тәрбиесінің өмірлік өнеге мен үлгіге құрылуын ата-ана мен халықтың тіршілік-тынысымен байланыстыруы да оның этнопедагогикалық көзқарастарының ғылыми негізін көрсетеді.

Мұны Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Мәңгілік Ел» идеясында философиялық мәдени астарын талдауда ерекше назар аударатын мәселе – ұлттық тәрбие. Тәрбие тал бесіктен басталады десек, ұлттық тәрбие отбасынан бастау алуы керек. Отбасылық тәрбие мәдениетті тұлғаларды қалыптастыруды басты мақсат ретінде ұстануы керек. Бұл жолда үлкенді құрметтеу мен ата-ананы сыйлауды, ар, намыс, ұят сынды құндылықтарды жастар санасына сіндіруді басты идеологиялық ұстанымға айналдырудың маңызы зор», – деген сөзімен ұштастырудың қазіргі тәлім-тәрбиедегі мәні айрықша [1].

Әр тарихи дәуірдегі тәлімдік ой-пікірлер мен теорияларды жүйелеп талдау үрдісінде қалыптасқан қоғамдық ғылымдар

арасында өз орны бар ғылым-педагогика тарихында Т. Тәжібаевтың ғылыми ой-пікірлері ерекше бағаланады. Ғалымның Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтардың философиялық, психологиялық және педагогикалық көзқарастарын жан-жақты зерттеген ғылыми еңбектері отандық ғылымдағы маңызды зерттеулер қатарынан саналады. Т.Тәжібаевтың «Абай Құнанбаевтың философиялық, психологиялық және педагогикалық көзқарастары» (1957), «XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның ағарту ісі мен педагогикалық ой-пікірінің дамуы» (1958), «XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның ағарту ісі мен мектебінің дамуы» (1962) сияқты монографиялық еңбектерінде педагогика теориясы мен тарихы, этнопсихологиядағы ұлттық сана-сезім және ұлттық мінез, халықтық педагогикадағы мораль және этика мәселелері, қазақ ағартушыларының педагогикалық көзқарастары сияқты мәселелер орын алған.

Төлеген Тәжібаевтың Қазақстанның 1962 жылы «Қазақстан» баспасынан шыққан «XIX ғасырдың II жартысында педагогикалық ой-пікірдің дамуы» атты еңбегінде отбасы тәрбиесінің баланың тұлғалық дамуындағы орны туралы салыхалы пікірлер айтылған және бұл айтылған ойлар бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтқан емес. Сол сияқты Төлеген Тәжібаев Қазақстандағы оқу-ағарту мен білім беру ісінің ауыл өңірінен, ондағы отбасынан басталатынын да педагогикалық зерттеулерінде зерделеп, тұжырымдаған.

Т. Тәжібаев «К.Д. Ушинский – Ресейдегі педагогикалық психологияның негізін салушы» деген тақырыпта 1939 жылы педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясын, 1962 жылы Ленинград педагогикалық институтында «XIX ғасырдың II жартысында Қазақстанда халық ағарту ісі, мектеп пен педагогикалық пікірдің дамуы» тақырыбында педагогика ғылымының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады. Диссертациялық жұмыстың негізіне оның «XIX ғасырдың II жартысында Қазақстанда халық ағарту ісі мен педагогикалық ой-пікірдің дамуы» (1958 ж), «XIX ғасырдың II жартысында Қазақстанда халық ағарту ісі мен мектеп» (1962 ж), «XIX ғасырдың II жартысында педагогикалық ой-пікірдің дамуы» (1965 ж.) атты бірнеше монографиялық зерттеулері алынғанын ғалымның еңбектерін зерттеушілер жақсы талдап берген [2]. Алайда, бұл әлі де ашылмаған қырлары көп ғылыми мұра. Оларды

қазақ халқының еншісіне қалған құндылық деп қарастыра отырып, жаңа бағытта зерделеу қажет.

Т. Тәжібаев Ы. Алтынсариннің қазақ балаларының ойына ой қосатын әңгімелер, мағыналы жұмбақтар, танымдық қызығушылығын тудыратын жайттардың оларды адамгершілікке жетелеп, ақыл-ойды тәрбиелеуде аса тиімді болатындығын көрсететін ағартушылық еңбектеріне баса назар аударған. Осыған орай Т. Тәжібаев Ы. Алтынсаринді «Қазақстандағы педагогикалық ойдың пионері» деп атап, «Ы. Алтынсариннің «Хрестоматиясындағы» әңгімелері, өлеңдері метафора ретінде де, вербалдық ойындар ұымдастырғанда да қолайлы болады», – деп түйіндеген [3]. Бұл пікір Т. Тәжібаевтың этнопедагогикалық ойларының жалпы тәрбиедегі мәнін аша түсері сөзсіз. Академик Т. Тәжібаев Ы. Алтынсариннің «Қазақтарды орыс тіліне оқытудың алғашқы құралы» атты еңбегінде қазақ балаларын орыс тіліне қандай тиімді жолдармен үйретуге болатынын әдістемелік тұрғыдан пайымдап береді. Ол еліміздің көп ұлтты екендігін ескере отырып, әртүрлі ұлт өкілдерінің тәрбиесін халқымыздың ғасырлар бойғы жинақталған бай тәжірибесі арқылы дамыту қажеттігін айқындай келе, олардың Қазақстандағы педагогика, психология ғылымдары үшін аса өзекті проблемалар екендігін де атап көрсетеді. Ғалымның бұл ғылыми болжамы да «Мәңгілік Ел» идеясымен сабақтас келетінін аңғарамыз.

Академик Т. Тәжібаевтың ғылыми еңбектері Абайдың философиялық, психологиялық, педагогикалық көзқарастарын жан-жақты талдап, ғылыми негізде зерттеуге арналған. Төлеген Тәжібаев 1957 жылы «Абай Құнанбаевтың философиялық, психологиялық және педагогикалық көзқарастары» атты кітабын жарыққа шығарған. Мұнда Абайдың ағартушылық бағыттағы шығармалары талданып, оның оқу-білімге, өнерге деген көзқарастары, жасөспірімдерді адамгершілікке тәрбиелеу жөніндегі ұлағатты ойлары дәйектеледі. Ғалым «Жүрегімнің түбіне терең бойла» деген ғылыми-зерттеу еңбегінде «Абай арнайы психологиялық еңбектер жазған жоқ, біз оның шығармаларынан психология мәселелері жөнінде аса қызық және аса бағалы пікірлер табамыз» деп, ақынның кез келген өлеңінен, қарасөздерінен өсиет-өнеге, тәлім-тәрбиелік мәні бар дүниелерді табуға болатынын дәлелдеген. Сонымен қатар Т.Тәжібаев мұғалімдердің Абай шығармаларын оқытудағы психологиясына, оқу-тәжірибе жұмыстарында оларды кең пайдаланудың қажеттігіне үлкен мән берген [4].

Төлеген Тәжібаевтың ғылыми монографиялық еңбектерінің дені Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев сынды қазақ ағартушыларының психологиялық және педагогикалық көзқарастарын зерттеуге арналғаны баршамызға мәлім. Ендеше, Т. Тәжібаевтың этнопедагогикалық ой-пікірлері туралы сөз қозғағанда оның нақыл сөздеріне талдау жасау әбден орынды деп санаймыз. Педагог ғалым ретінде Т. Тәжібаев еңбек тәрбиесіне ерекше назар аударған. Мәселен, оның «Еңбек адамның мінезіндегі өзіншіл сыйпаттарды жоюға көмектеседі», «Адал да белсенді еңбек – ерік пен мінезді жарасымды бітімін жетілдіре түседі», «Еңбексіз бос жүру адамды моральдық жағынан құлдыраушылыққа, жалқаулыққа, зерігушілікке, жұрт еңбегінің есебінен күн көруге әкеп соғады, табиғи талантын мұқалтады» деген нақыл сөздері тұлға тәрбиесіндегі іс-әрекет теориясы тұрғысынан алсақ, біріншіден жас ұрпақтың тұлғалық дамуындағы еңбектің рөлін, екіншіден жақсы адам болып тәрбиеленіп шығу үшін ерік пен мінездің қалыптасуының психологиялық негіздерін дәйектеген.

Ғалымның «Өз Отанын, өз халқын, өз тілін, тамаша ұлттық дәстүрлерін жалынды жүрекпен сүйген, өзінің Отанға деген сүйіспеншілігін сөз жүзінде емес, іс жүзінде көрсеткен адам ғана нағыз патриот болып саналады», – деген нақыл сөзі қазіргі жастардың елжандылық, отансүйгіштік сезімдерін игі істер арқылы көрсете білуге шақырады. Мұндай ой-пікірдің де «Мәңгілік Ел» идеяларымен өзектес екендігін байқаймыз [4].

Қазіргі жастардың тәлім-тәрбиесінің ұрпақтар сабақтастығындағы ұлттық ұлағатқа құрылуы сонау ықылым замандардан бастап, бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Ұрпақ тәрбиесі туралы айтылған ой-пікірлердің барлығы адамгершілік идеяларына бағытталып, жақсы адам болуды нысана тұтқан. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде өнеге мен өсиетке негізделген нақыл сөздер, тәрбиелік иірімдер ұлттық келбет пен ұлттық мінезден туындап отырған. Бұл дәстүр ата-бабаларымыздың сара жолы, болашақ ұрпағына қалдырып кеткен аманаты және ұлттық мұраты, сондықтан біз бүгінгі таңда айтылып отырған «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын қазақ халқының ғасырлар тоғысындағы ежелі арманымен бірлікте қарастыруымыз әбден орынды. Соның ішінде педагогика ғылымымен, атап айтқанда Т. Тәжібаевтың этнопедагогикалық еңбектерімен сабақтастықта қарастыру «Мәңгілік Ел» идеясының негізінде ұлттық тәрбие жатқанын байқатады.

Академик Т. Тәжібаевтың мұрасын Қ.Б. Жадықбаев, С.Қ. Қалиев, Қ.Б. Сейталиев, Р.Х. Аймағамбетова, М.Қ. Ахметова, А. Алдабергенова және т.б. танымал ғалымдар теориялық тұрғыдан талдап, болашақ зерттеушілерге тарихи-педагогикалық ізденіске жол ашып берген. Дей тұрғанмен, Т. Тәжібаевтың ғылыми зерттеулерін жаңаша ойластырып, оларды әдіснамалық деңгейде қарастыру әлі де болса әлсіз. Өйткені, ғылымға бет бұрған жастар қазіргі жаңа талаптарға сәйкес отандық ғылымды емес, шет ел ғылымдарының тарихына, салыстырмалы талдау әдістеріне көбірек ойысады. Оның да өз талаптары бар екені рас, себебі бүгінгі таңда ғылыми жұмыстар әлемдік білім кеңістігіндегі бағыттармен сабақтас болуы шарт. Алайда, қазақ педагогикасының тарихи даму жолдарын, қалыптасу негіздерін ұлттық этнопедагогика мен ұлттық этнопсихология тұрғысынан зерттеу аса қажет. Болашақ ұрпақ төл тарихы бар, тәуелсіз елдің тағылымды талдауларын күтеді. Сондықтан Т. Тәжібаев сынды танымал ғалымның ғылыми еңбектері жаңаша пайымдалып, қазақ елінің мәңгілігін көрсететін тарихи-педагогикалық мұра ретінде зерттелуі тиіс.

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының арқауы тіл, діл, тарих, мәдениет және халықтың ғасырлар бойы жинақтаған әлеуметтік тәжірибелері. Ал міндеттерінің бірі – қазақтың дәстүрлі құндылықтарын жаңғырта отырып, ұлттық қорға сүйену. Меніңше, Т. Тәжібаевтың ғылыми еңбектері ұлттық қорда жатқан, ғылыми айналымда өзінің нақты бағасын әлі де ала алмаған құндылықтардың бірі. Т. Тәжібаевтың адами болмысын оның ғылыми жетістіктерімен кіріктіре зерттеп жүрген профессор Ж. Түрікпенұлының еңбегін ерекше атап өткен орынды. Ол ғалымның терең білімін, ұйымдастырушылық және басқарушылық тәжірибесін, тәлімдік дәрістерін, ойының айқындығын, мәдениеттілігін ерекше ықыласпен еске алып, оның кісілік келбетін көркем сомдап береді. Осындай еңбектерге қоса Т. Тәжібаевтың ғылыми мұрасы қайта басылып, жаңғырып, оларды қазіргі магистрант, докторант ізденушілер өз зерттеулеріне арқау етіп алса, қазақ халқының этнопедагогикалық, этнопсихологиялық мұрасы жаңа ғылыми зерттеулермен толыға түсетіні сөзсіз.

### Қорытынды

Қорыта айтқанда, халық тәжірибесіне, ұлы ғұламалардың мұраларына, этнопедагогиканың білім мазмұнына сүйену қазіргі өскіндердің

тәлім-тәрбиесінде аса маңызды деп танылады. Төлеген Тәжібаевтың педагогикалық-психологиялық мұрасын «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыруда толығымен пайдалану ғалымның

тұлғасын биіктетіп қана қоймайды, ол сонымен қатар қазақ халқының энтотәдени құндылықтарын бағалау, ұлттық тәрбиенің мәнін айқындауға да ықпал етеді.

#### Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына жолдауы. Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. – Астана, 2014 жылғы 17 қаңтар.
- 2 Тажібаев Т. Педагогическая мысль в Казахстане во второй половине XIX века. – Алма-Ата, 1965.
- 3 Жарыкбаев Қ.Б. Этнопсихологическая наука Казахстана в XX веке. – Алматы, 2006. – С. 256.
- 4 Педагогика тарихы: оқулық. ҚазМемҚызПУ. – Алматы, 2009. – 398 б.

#### References

- 1 Nazarbaev N.A. Kazakctan halkyna zholdaуy. Kazakctan zholy-2050: Bir makcat, bir mudde, bir bolashak. – Actana, 2014 zhylgy 17 kantar.
- 2 Tazhibaev T. Pedagogicheskaja mysl' v Kazahstane vo vtoroj polovine XIX veka. Alma-Ata, 1965
- 3 Zharykbaev Q.B. Jetnopsihologicheskaja nauka Kazahstana v XX veke. – Almaty, 2006. – S. 256.
- 4 Pedagogikatarihy. Okulyk. KazMemKyzPU. – Almaty, 2009. – 398 b.